

Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансы

Жариялау күні: 01.08.2024 жыл
Келесі жариялау күні: 01.08.2025 жыл

1. Негізгі тұстары


- 1.1 Жалпы бастапқы энергия шығыны
- 1.2 Соңғы энергия шығыны
- 1.3 ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы
- 1.4 Жаңартылған энергия көздері (ЖЭК)* өндірген электр энергиясының үлесі
- 2. Глоссарий
- 3. Әдіснамалық түсіндірмелер
- 4. Басылымға қатысты сілтемелер
- 5. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі тұстары

Электрондықкестелер
[Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансы](#)


1.1 Жалпы бастапқы энергия шығыны

Жалпы бастапқы энергия шығыны



2022 жылмен салыстырғанда энергияның жалпы бастапқы тұтынуы 5%-ға ұлғайды және 2023 жылы 73377,9 мың тонна мұнай эквивалентін құрады (1000 тмэ).


Отын түрлері бойынша жалпы бастапқы энергия тұтыну



Бастапқы энергияны жалпы тұтыну құрылымында көмір үң көп үлесті алады – 49,6%. Бастапқы энергияны жалпы тұтынудың көлемі бойынша келесі табиғи газ – 26,7%, мұнай және мұнай өнімдері – 21,7% құрайды.


Энергияны түпкілікті тұтыну

Энергияны түпкілікті тұтыну



Энергияны түпкілікті тұтыну өткен жылмен салыстырғанда 0,1% -ға артып, 2023 жылы 43432,5 мың тонна мұнай эквивалентін (1000 тмэ) құрады.

Экономика секторлары бойынша энергияны түпкілікті тұтыну



Энергияны түпкілікті тұтытуда өнеркәсіп секторы, коммерциялық және коммуналдық қызметтерінің үлесі төмендеуі және көлік саласы, тұрғын үй секторының өсуі байқалады. Түпкілікті тұтыну құрылымында 2023 жылы тұрғын үй секторы ең көп үлесті иеленді – 35,7% және оны тұтыну 13,9 млн тмэ құрады.


Өнеркәсіп секторы энергияның екінші ірі тұтынушысы болып табылады (тұрғын үй секторынан кейін) және өнеркәсіп секторының тұтыну көлемі 11,4 млн тмэ құрады. Көлік саласы жалпы түпкілікті тұтытудағы үшінші ірі тұтынушы болып табылады (тұрғын үй секторы мен өнеркәсіп секторынан кейін) және көлік секторының түпкілікті тұтыну көлемі 2023 жылы 10,1 млн тмэ құрады.

2023 жылы өнеркәсіптің ішкі секторлары бойынша энергияны түпкілікті тұтыну



Өнеркәсіп секторының түпкілікті тұтыну құрылымында ең үлкен үлесті қара металлургия – 28,8%, түсті металлургия – 25,3% және тау-кен өнеркәсібі өнеркәсіп секторының түпкілікті тұтынуының 14,7% құрайды.

Отын түрлері бойынша энергияны түпкілікті тұтыну




2023 жылы энергияны түпкілікті тұтытуда ең үлкен үлесті мұнай және мұнай өнімдері – 33,5% және көмір 19,4% құрайды. Жалпы энергияны түпкілікті тұтынадан электр энергиясын тұтыну үлесі 15%, табиғи газ – 16,7% және жылу энергиясы – 15,3% құрады.

1.2 ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы

ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы

тмэ/мың АҚШдолл. бағасы 2015 ж.




2023 жылы ЖІӨ энергия сыйымдылығы 2015 жылғы бағамен 0,32 тмэ/мың АҚШ долларын құрады және 2015 жылмен салыстырғанда 6,7%-ға өсті.

1.3 Жаңартылатын энергия көздері өндіретін электр энергиясының үлесі (ЖЭК)*

Жаңартылатын энергия көздері өндіретін электр энергиясының үлесі*

пайызбен



*ірі гидроэлектростанцияларды есептегенде.

Электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінде ірі гидроэлектростанцияларды есепке алмай, жаңартылатын энергия көздері өндірген электр энергиясы үлесінің тұрақты өсуі байқалады және 2023 жылы бұл көрсеткіш 5,82% құрады.

2. Глоссарий

Отын-энергетикалық балансы (ОЭБ) - жалпы немесе оның жекелеген учаскелеріндегі (сала, өңір, кәсіпорын, цех, процесс, қондырғы) кіріс пен шығыстың (шығындар мен қалдықты қоса алғанда) арасындағы таңдалған уақыт аралығындағы толық сандық сәйкестікті көрсететін көрсеткіштер жүйесі.

Энергияны жалпы бастапқы тұтыну - шығындарды ескере отырып, барлық қажеттіліктерге (трансформация секторындағы тұтыну, энергетикалық емес қажеттіліктер, экономика секторларындағы түпкілікті тұтыну) ішкі нарыққа бастапқы энергия мен оның баламаларын жеткізудің жалпы көлемі.

Энергияны түпкілікті тұтыну тұтынушыларға энергетикалық және энергетикалық емес пайдалану үшін жеткізілген барлық отын мен энергияны қамтиды және түрлендіру процестеріне қатысатын отын мен энергия көлемін қамтымайды.

ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы жалпы республика бойынша ЖІӨ өндірісінде отын-энергетикалық ресурстарды тұтынудың экономикалық тиімділігін анықтайды және отын-энергетикалық ресурстарды жалпы тұтыну көлемінің барлық өндірістік және өндірістік емес қажеттіліктерге ЖІӨ көлеміне қатынасы ретінде есептеледі.

Отын-энергетикалық ресурстар (ОЭР) - өндірістік, тұрмыстық және экспорттық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін елде бар отын мен энергияның әртүрлі түрлерінің (мұнай өңдеу, газ, көмір, шымтезек және тақтатас өнеркәсібінің өнімдері, атом және гидроэлектростанциялардың электр энергиясы, сондай-ақ жергілікті отын түрлері) жиынтығы.

Бастапқы энергия - бұл көздердегі энергияны түрлендіруге дейін оларды ілеспе жыныстардан бөлуді, тазартуды немесе сұрыптауды ескере отырып немесе есепке алмай, тек өндіруді немесе ұстауды қажет ететін энергия көздері (энергия тасымалдаушылары).

Жаңартылатын энергия көздері - табиғи процестер есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, оған мынадай түрлер кіреді: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, судың гидродинамикалық энергиясы; геотермалдық энергия: топырақтың, жер асты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы; сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: тұтыну қалдықтары, биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын тұтыну қалдықтарынан өзге отын.

3. Әдіснамалық түсіндірмелер

Отын-энергетикалық балансы отын мен энергияны өндіру және тұтыну құрылымындағы өзгерістерді, оларды экономика секторларында тиімді пайдалануды талдауға және бағалауға, энергетикалық ресурстардың сарқылуын бақылауға, сондай-ақ атмосфераға газдар шығарындыларын есептеуге және отын-энергетикалық кешенді дамытудың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарында алынған немесе тіркелген деректер, сондай-ақ әкімшілік деректер отын-энергетикалық теңгерімді қалыптастыру үшін ақпараттық база болып табылады.

Энергия ағындары республиканың бүкіл аумағындағы экономикалық бірліктердің қызметін қамтиды және отын-энергетикалық өнімдерді өндіруге (өндіруге), түрлендіруге, сыртқы саудаға, қорлардың өзгеруіне, түпкілікті тұтынуға және энергетикалық емес пайдалануға бөлінеді.

ОЭБ-есепті жылдағы энергия ресурстарының әртүрлі түрлерінің баланстарын бірыңғай баланстық кесте түрінде біріктіретін кешенді теңгерім.

Баланстық кесте бағанының тақырыптарында отын-энергетикалық өнімдер тобының атаулары және бастапқы немесе қайталама энергетикалық өнімдердің белгілі бір түріне сәйкес келетін өнім баланстары болады. Бүйірлік қорапта бастапқы және қайталама энергия ағындарының қозғалысын және олардың эквиваленттерін сипаттайтын тепе-теңдік баптары бар.

4. Басылымға қатысты сілтемелер

[Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансы \(2022 жыл\)](#)

[Қазақстан Республикасындағы үй шаруашылықтарында отын мен энергияны тұтыну \(2023 жыл\)](#)

[«2023 жылғы Қазақстан Республикасында үй шаруашылықтарында отын мен энергияны тұтыну» статистикалық бюллетені](#)

[Қазақстан Республикасының жылу электр станциялары мен қазандықтарының жұмысы туралы \(2022 жыл\)](#)

[Қазақстан Республикасындағы газ желісі \(2022 жыл\)](#)

5. Пайдалы сілтемелер

[Отын-энергетикалық теңгерімді қалыптастыру және энергетика саласын сипаттайтын жекелеген статистикалық көрсеткіштерді есептеу бойынша әдістеме](#)

[Үй шаруашылығында энергияны тұтыну статистикасы бойынша нұсқаулық](#)

[ХЭА энергетикалық статистика бойынша нұсқаулық](#)

[Энергетика статистикасы бойынша халықаралық ұсыныстар \(ЭСБХҰ\)](#)

Шығаруға жауапты: Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті	Департамент директоры: Г. Қарауылова Тел. +7 7172 749060	Орындаушы: М. Абдикаримова Тел. +7 7172 749308 E-mail: ma.abdikarimova@aspire.gov.kz	Мекен-жайы: 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
--	---	--	---